

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

Артық (қате) төленген әлеуметтік
аударымдар сомаларын төлеу және
қайтару мәселелері бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ



2022-2023 ЖЫЛ

Негізгі түсініктер

1) «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қор» АҚ

(бұдан әрі – Қор) – әлеуметтік аударымдарды жинақтауды, асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік тәуекел жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдерді тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ

(бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін ҚР Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүліктің тұрған жері бойынша оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) Әлеуметтік аударымдар

(бұдан әрі – ӘА) – ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ӘА төлеушілердің Қорға төлейтін ақшасы;

4) Міндетті зейнетақы жарналары

(бұдан әрі – МЗЖ) – ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салынатын ақша;

5) ӘА бойынша берешек

ӘА есептелген және заңнамада белгіленген мерзімде аударылмаған сомалары, сондай-ақ өсімпұлдың төленбеген сомалары;

6) ӘА мөлшерлемесі

ӘА есептеу объектісінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Қорға төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

7) ӘА төлеуші

(бұдан әрі – төлеуші) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ӘА есептеуді және Қорға төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары, жеке практикамен айналысатын жеке тұлғалар;

8) Жеке практикамен айналысатын адам

жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор;

9) Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі

(бұдан әрі – МӘСЖ) – мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін, МӘСЖ субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

10) МӘСЖ қатысушысы

өзі үшін ӨА төленетін және ҚР заңнамасында көзделген әлеуметтік тәуекел жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар жеке тұлға;

11) ЖСН

жеке сәйкестендіру нөмірі;

12) Заң

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI ҚР Заңы;

13) Бұйрық

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің және әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 224 бұйрығы.

ӘА төлеушінің құқықтары мен міндеттері

ҚҰҚЫҒЫ БАР:

- 1) белгіленген тәртіппен ӘА және өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын қайтарып алуға;
- 2) Мемлекеттік корпорациядан белгіленген тәртіппен төленген ӘА туралы қажетті ақпаратты тегін сұратуға және алуға;
- 3) Заңға сәйкес басқа да құқықтарды іске асыруға.

МІНДЕТТІ:

- 1) ӘА мен өсімпұлды уақтылы және толық көлемде төлеуге;
- 2) ӘА сомаларын есептеуді және қайта есептеуді, сондай-ақ ӘА уақтылы және (немесе) толық төленбеген жағдайда өсімпұлды есептеуді дербес жүзеге асыруға;
- 3) ҚР салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік кірістер органдарына салықтық есептілікті ұсынуға;
- 4) ҚР заңнамасына сәйкес әрбір жұмыскер бойынша есептелген және төленген ӘА және өсімпұл сомаларының бастапқы есебін жүргізуге;
- 5) жұмыскерге тиісті кезең үшін тиесілі жалақының құрамдас бөліктері туралы ай сайын хабарланған кезде Қорға ӘА есептелген сомалары туралы мәліметтерді ұсынуға;
- 6) Қордың сұратуы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті ақпарат беруге;
- 7) мемлекеттік кіріс органдарының талап етуі бойынша Заңның 17-бабында белгіленген тәртіппен пайдасына ӘА бойынша берешек өндіріп алынатын МӘСЖ қатысушыларының тізімін ұсынуға.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын тұлғалар

- Жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар адамдар (*сайланған, тағайындалған немесе бекітілген*);
- Дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары;
- Жеке практикамен айналысатын адамдар;
- Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар;
- ҚР аумағында тұрақты тұратын және ҚР аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ қандастар;

ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған адамдар үшін, **ӘА төленбейді**.

ӘА есептеу

ӘА есептеу мен төлеу Қорға ӘА есептеу мен төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (*Бұйрыққа 1-қосымша*).

ӘА мөлшерлемесі мынадай мөлшерде белгіленген:

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап – ӘА есептеу объектісінің 3,5%;

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап – ӘА есептеу объектісінің 5%.

ӘА есептелетін объект

Жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар адамдар (*сайланған, тағайындалған немесе бекітілген*)



Қорға ӘА төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыс берушінің еңбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде төлейтін шығыстары.

Бұл ретте жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай жабдықталымы кіреді.

ҚР аумағында тұрақты тұратын және ҚР аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ қандастар



Қорға ӘА төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыс берушінің еңбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде төлейтін шығыстары

Жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары



Өзі үшін – өз пайдасына ӘА есептеу мақсаттары үшін өздері дербес айқындайтын, бірақ Салық кодексіне сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен артық емес сомасы;

Жалдамалы қызметкерлер үшін – Қорға ӘА төленбейтін кірістерді қоспағанда, еңбекке ақы төлеу ретінде кіріс түрінде жұмыскерге төленетін шығыстар.

ӘА есептеу

Бір төлеушіден алынатын ай сайынғы ӘА есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген *ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен* (ЕТЖ) аспауға тиіс екенін ескеру қажет.

Егер күнтізбелік ай үшін ӘА есептеу объектісі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ЕТЖ кем болған жағдайда, ӘА бір ЕТЖ негізге ала отырып есептеледі, төленеді.

*Анықтама үшін: 2023 жылы ЕТЖ 70 000 теңгені құрайды, яғни ӘА ең жоғары мөлшері есептеу объектісі 490 000 теңгеден аспауы керек (7 ЕТЖ * 70 000 теңге).*

*Мысалы, 2023 жылы ӘА ай сайынғы ең жоғарғы мөлшері 17 150 теңгеге (70 000 теңге * 7 * 3,5%) ал, ӘА ай сайынғы ең төменгі мөлшері 2 450 теңгеге (70 000 теңге * 3,5%) тең болады.*

ӘА есептеу кезінде тиындармен есептелген сомаларды тиындардың сомасына қарамастан 1 теңгеге дейін дөңгелектеу қажет.

Сонымен бірге, Заңмен ӘА төлеуге жаппайтын кіріс түрлері белгіленген. Аталған кірістердің тізбесі төменде көрсетілген:

- 1) Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында;
- 2) Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында 17) тармақшасының алтыншы абзацында, 21) және 50) тармақшаларда көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағында ;
- 3) Салық кодексінің 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында.

ӘА есептеу мысалдары:

ӘА есептеу үшін жалпы формула: (Кіріс – ӘА төленбейтін кірістер) * ӘА мөлшерлемесі.

1. Қалыпты мысал:

Жұмыскердің 2023 жылғы қаңтар айына бір төлеушіден кірісі 125 000 теңге есептелді. Қаңтар айы үшін ӘА мөлшері 3 937,5 теңгені құрайды (125 000 теңге – 10% (МЗЖ)) * 3,5%.

Дөңгелектеуді қоса алғанда төленетін ӘА - 3 938,0 теңге мөлшерінде

2. Күнтізбелік ай үшін ӘА есептеу объектісі 1 ЕТЖ кем болған жағдайға мысал:

Жұмыскердің 2023 жылғы ақпан айына нақты жұмыс істеген күндеріне бір төлеушіден кірісі 58 200 теңге сомаға есептелді. ӘА мөлшері 2023 ж. ақпан айында 1 833,3 теңгені құрайды (58 200 теңге – 10% (МЗЖ)) * 3,5%.

2 450 теңге мөлшерінде ӘА төлеуге жатады.

3. Күнтізбелік ай үшін ӘА есептеу объектісі 7 ЕТЖ артық болған жағдайға мысал:

Жұмыскердің 2023 жылғы мамыр айына бір төлеушіден кірісі 600 000 теңге есептелді. ӘА мөлшері 2023ж. мамыр айында 18 900,5 теңгені құрайды (600 000 теңге – 10% (МЗЖ)) * 3,5%

17 150 теңге мөлшерінде ӘА төлеуге жатады.

ӘА мен өсімпұлды төлеу тәртібі

Төлеуші ай сайын Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына төлемдерді жүзеге асыру жолымен есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қорға ӘА төлейді.

ӘА төлеу ӘА жүргізілетін МӘСЖ қатысушылардың тізімдері қоса беріле отырып жүзеге асырылады.

ӘА ЖӘНЕ ӨСІМПҰЛДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ



Мемлекеттік корпорация міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына:

- *ЖСН жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген;*
- *жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толған зейнеткерлер (2023ж.: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас);*
- *егер ӘА бір төлеушіден 7 ЕТЖ асатын есептеу объектісінен төленген болса ӘА автоматты түрде қайтаруды жүргізеді.*

ӘА төлеуші болып табылмайтын жеке тұлғалар төлеген ӘА және (немесе) өсімпұл қайтаруға жатады.

Банктердің Мемлекеттік корпорацияға ақша аударуы МӘСЖ қатысушылардың тізімі қоса берілген MT-102 электрондық форматтағы төлем тапсырмаларымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның деректемелері

ӘА мен өсімпұлды аудару үшін:

ӘА мен өсімпұлды аудару үшін

Бенефициар: "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ;
Банк бенефициары: "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ;
БСН: 160440007161;
Бенефициар банктің БСК: GCVPKZ2A;
Бенефициардың ЖСК: KZ67009SS00368609110;
КБе – 11 (екі танбадан тұратын бенефициар коды: 1-резиденттік белгісі 1-экономика секторы (мемлекеттік басқару органдары);
ТТК 012 – міндетті ӘА;
ТТК 017 – міндетті ӘА уақытылы аудармағаны үшін өсімпұл;
Төлем мақсаты: «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ға ӘА _____

(ай, жыл)

БЖТ аудару үшін:

БЖТ аудару үшін

Бенефициар: "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ;
Банк бенефициара: "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ;
ЖСН: 160440007161;
Бенефициар банктің БСК: GCVPKZ2A;
Бенефициардың ЖСК: KZ47009ESP0163609911;
ТТК 183 – БЖТ.
Төлем мақсаты: _____
(айына, жылына) БЖТ

ӘА үшін MT 102 форматында үлгі

```
{1:F01SGCVP00000000010080412}
{2:O1021605170946SGROSS00000000000000001605170946U}
{4:
:20:SBER60517H004148
:50:/D/KZ00000000000000000000
/NAME/Төлеушінің атауы
/IDN/000000000000
/CHIEF/ Басшының аты-жөні
/MAINBK/ Бас бухгалтердің аты-жөні
/IRS/13
/SECO/74
:52B:XXXXXXXX
:57B:XXXXXXXX
:59: KZ00000000000000000000
/NAME/«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KEAҚ
/IDN/000000000000
/IRS/15
/SECO/16
:70:
/NUM/72
/DATE/КК.АА.ЖЖЖЖ
/VO/01
/SEND/07
/KNP/0127
/PSO/01
/PRT/01
/ASSIGN/ Қоса берілген тізімге сәйкес, 202__ жылдың _____ кезеңге «Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» KEAҚ міндетті ӘА, КҚС салынбайды.
:21:1
:32B:KZT0,00
:70:
/OPV/S
//FM/Тегі
//NM/Аты
//FT/Әкесінің аты
//DT/00000000
//IDN/000000000000
//PERIOD/АА.ЖЖЖЖ8
32A: __ KZT0,009
-}
```

Тізімдік бөлігі МӘСЖ әрбір қатысушысы бойынша толтырылады. Жұмыскерге бірнеше ай үшін ӘА төлеу қажет болған жағдайда – жұмыскердің тиісті айдағы ӘА кезеңі мен сомасын көрсете отырып тізімді жалғастыру қажет.

Қағаз жеткізгіштерде жасалатын төлем тапсырмаларында төлеушілер ӘА төленетін кезеңді «Төлемнің мақсаты» деген бағанда, ал MT-102 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларында – форматта көзделген жеке «ААЖЖЖЖ» деген жолда көрсетеді.

Ол үшін ӘА жүргізілетін МӘСЖ қатысушыларының тізімі әрбір жеке тұлға бойынша:

- 1) ЖСН;
- 2) тегін, атын, әкесінің атын;
- 3) туған күнін;
- 4) ӘА сомасын;
- 5) ӘА төленетін кезеңді (ай, жыл) қамтуы тиіс.

Егер ӘА төлеу бірнеше ай үшін бір төлеммен жүргізілсе (мысалы, жылына немесе жартыжылдықта бір рет), онда түбіртек-хабарламаға ӘА әрбір ай бойынша жеке көрсетіліп ӘА төленетін МӘСЖ қатысушылардың тізімі қоса берілуі қажет.

ӘА мен өсімпұлды төлеу тәртібі

ӘА мен өсімпұлды қайтару үшін төлеушілер жіберетін қателіктердің негізгі себептері:

- ✓ Қор шотына ӘА немесе өсімпұлдар болып табылмайтын қаражат аударылған;
- ✓ бір немесе бірнеше төлем тапсырмаларының негізінде төлеуші немесе Банк Қордың шотына екі және одан да көп рет аударған;
- ✓ төлем тапсырмасының тізімдік бөлігінде төлем кезеңінде қате жіберілген;
- ✓ дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығы ретінде тіркелмеген жеке тұлға төлеген.

Төлем құжаттарын ресімдеу және Мемлекеттік корпорациядан ӘА қайтару кезінде жиі кездесетін қателіктерге мыналар жатады:

- 1) МӘСЖ қатысушының ЖСН дұрыс көрсетілмеген немесе тіркелмеген;
- 2) МӘСЖ қатысушының көрсетілген ЖСН-і Т.А.Ә. сәйкес келмейді;
- 3) ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңының 11-бабы 1-тармағында көзделген жасқа жеткен адамдар үшін ӘА төленген;
- 4) қаржы жылының тиісті кезеңі үшін рұқсат етілген ең жоғары сомадан асатын мөлшерде ӘА төленген;
- 5) Мемлекеттік корпорацияның деректемелері дұрыс көрсетілмеген;
- 6) төлемді тағайындау коды (ТТК) дұрыс көрсетілмеген.

Төлеушінің ӘА және (немесе) өсімпұл сомалары туралы ақпаратты алу тәртібі

Қорға ӘА және (немесе) өсімпұлды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын төлеуші Мемлекеттік корпорациядан МӘСЖ қатысушылары үшін төленген ӘА және (немесе) өсімпұл сомалары туралы қажетті ақпаратты сұратуына және тегін алуына болады.



Төлеуші

Қағидаларға 1-қосымшаға* сәйкес нысан бойынша өтіні



Үш жұмыс күні ішінде ӘА және (немесе) өсімпұлдың төленген сомалары туралы ақпаратты Қағидаларға 2-қосымшаға* сәйкес нысан бойынша ұсынады



Мемлекеттік корпорация

* ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.06.2020ж. №224 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидалары

Төлеушінің ӘА уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін жауаптылығы

Уақтылы және (немесе) толық көлемде төленбеген ӘА сомаларын Мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе төлеуші мерзімі **өткен әрбір күн үшін** (*Қорға төлеу күнін қоса алғанда*) ҚР Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің **1,25 еселенген мөлшерінде** есептелген өсімпұлмен бірге Қордың шотына аударуға тиіс.

Өсімпұлды есептеу формуласы:

$$\Theta = (BC * KM * EK * KS) / 365$$

Ө – есептелген өсімпұл сомасы;

BC – берешек сомасы;

ҚМ – қайта қаржыландырудың мөлшері;

ЕК – еселік коэффициенті;

КС – күндер саны.

Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес ӘА төлеуші ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей төлейді.

Мысалы: 2022 жылғы қаңтар айынан бастап төлем 25.02.2022 ж. кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс, іс жүзінде **25.03.2022 ж.** төленген.

ӘА берешек кезеңі 26.02.2022ж. бастап 25.03.2022ж. дейін - 28 күн.

ӘА бойынша өсімпұлды ЕСЕПТЕУ:

Кезең	Күндер саны (КС)	Еселік коэффициенті (ЕК)	Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, % (ҚМ)	Берешек сомасы (BC)	Есептелген өсімпұл сомасы (теңге) (ЕӨ)
26.02.2022 25.03.2022	28	1,25	13,5	3 780 теңге	48,93 теңге

ӘА бойынша өсімпұлды төлеуге есептелген сомалары дөңгелектенбейді.

Төлеуші Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz порталындағы калькуляторды пайдалана отырып, өсімпұл сомасын дербес есептей алады.

ӘА және (немесе) өсімпұлды төлеудің толықтығы мен уақтылығын бақылауды ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда төлеуші Мемлекеттік корпорациядан берілген өтінімге сәйкес бекітілген нысан бойынша МӘСЖ қатысушылары үшін төленген ӘА және өсімпұл туралы ақпаратты тегін ала алады.

Мемлекеттік корпорация төлеуші өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төленген ӘА және өсімпұл туралы ақпаратты бекітілген нысан бойынша береді.

ӘА уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтару тәртібі

Төлеуші Қорға қате төлеген ӘА сомасы мен өсімпұлды қайтару төлеушінің Мемлекеттік корпорацияға бекітілген нысан бойынша берілетін өтінішінің негізінде жүргізіледі. МӘСЖ қатысушыларының тізімінде қателіктер жіберілген жағдайда, өтінішке растау-анықтама қоса беріледі.

Мемлекеттік корпорация **операциялық бес күн** ішінде ӘА мен өсімпұлдың есепке жатқызылу фактісін тексереді және осы төлем бойынша барлық деректемелерді растауды қоса бере отырып, Қорға өтініш жібереді. Бұл ретте, ӘА немесе өсімпұл есепке жатқызылу фактісі расталмаса немесе өтініш дұрыс толтырылмаса, Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдамайды.

Қор төлеушінің өтініші келіп түскен күннен бастап **операциялық жеті күн** ішінде оларды кейіннен төлеушіге аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның банк шотына ақша аударуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация қаражат түскен күннен кейінгі **бір операциялық күннен кешіктірмей** төлеушінің банк шотына қаражаттарды аударды және МӘСЖ қатысушыларының жеке шоттарынан оларды есептен шығарады.

ӘА қайтару жүзеге асырылатын себептер

- бір төлем тапсырмасы негізінде төлеуші немесе банк Қордың шотына екі және одан да көп рет қате төлеген;
- жұмыстан шығарылған жұмыскерлер аванспен алған, қайтаруға жататын кірістерге артық есептелген;
- ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның II-бабының I-тармағында көзделген жасқа толған тұлғалар болып табылатын қатысушылар үшін артық төленген сомалар;
- төлем мақсатының коды дұрыс көрсетілмеген;
- төлем тапсырмасының тізімдік бөлігінде төлем кезеңінде қателіктер жіберілді;
- төлем тапсырмасының тізімдік бөлігінде жұмыскерлер үшін ӘА сомаларында қателер жіберілген;
- төлеушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген;
- Қордың шотына ӘА немесе өсімақы болып табылмайтын қаражат қате төленген;
- жеке практикамен айналысатын адамның, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға төлеген.

Бұл ретте, өтінішке тізбесі өтініш нысанында келтірілген растайтын құжаттар қоса берілуі қажет.


ӘА уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтару тәртібі

ӘА қайтаруға жатпайды:

- 1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде қатысу өтіліне есепке алынған кезеңге әлеуметтік аударымдар есептелсе;
- 2) төлеушінің өтінішінде көрсетілген қайтару себебі расталмаса.

Қайтарылуға жатпайтын ӘА сомалары бойынша Қор төлеушіге жеткізу үшін бас тарту себептері туралы ақпаратты Мемлекеттік корпорацияға береді.

ӘА және өсімпұлды қайтару схемасы



* ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.06.2020ж. №224 бұйрығына 2-қосымшада бекітілген «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының банктік шотына артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды аудару қағидалары

Қордың филиалдары туралы ақпарат және өтінім нысандары «МӘСК» АҚ www.gfss.kz интернет-ресурсында орналастырылған.